



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 51/591

21 декабря 2018 года

Вестник

16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні

ТӘУЕЛСІЗДІК: САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Өткен жұма күні «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы сарайында еліміз тәуелсіздігінің 27 жылдығына арналған салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты шараға қаламыздың тұрғындары, кәсіпорын, мекемелер, мектептер және жастар өкілері, құрметті қонақтар қатысты. Салтанатты жиында жүргізушілер Индира Балкеева мен Ернат Сәдуақасовтар мерекелік шараны ашық деп жариялағаннан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды.



Бұдан соң қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин жиынға қатысушыларды және қала тұрғындарын атаулы мерекемен құттықтады. Кезек қаламыздың бен халық шаруашылығының өркендеуіне және экономикасына өзіндік үлес қосып жүрген тұлғаларды марапаттауға келгенде Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық Кеңесінің төрағасы, еңбек ардагері Мұхамедия Көпейұлы Сахалов бірінші болып сахнаға көтерілді және «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін қала әкімі Қ.А.Камзин омырауына қадады. «Әлімжан» шаруа қожалығының директоры Асхан Жекижанұлы Кенжеевке Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы табысталды. «Алатау» қонақүйінің әкімшісі, Приозерск қаласы көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі Айғанша Сәдуқызы Болысова мен «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі дыбыс аппаратурасының операторы Ерік Зайнитдинұлы Оспановтар қала әкімінің Құрмет грамотасымен мадақталды. Қала әкімінің Алғыс хаттарымен «Ұлттық сараптау орталығы» Республикалық мемлекеттік мекемесі облыстық филиалы Приозерск қалалық

бөлімі сарапханасының маманы Фатима Сайдуллақызы Атемқұлова, Приозерск қаласының халыққа қызмет көрсету орталығының маманы Надежда Орынбасарқызы Серікбаева, Приозерск қаласы полиция бөлімінің жол патрульдік полиция бөлімшесінің қызмет инспекторы Айдос Сәттібайұлы Избанбетов, Әсет Сайранбекұлы Шамшатовтың отбасы және № 1 жалпы білім беретін мектебінің ұжымы марапатталды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясының Алғыс хаты қалалық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Алма Аманқызы Медетбековаға тапсырылды. Республикалық жалпы орта білім беретін мектептер арасындағы «Үздік 100 мектеп» байқауында жоғарғы ұпай жинап, Қазақстандық үздік 100 мектептің қатарына енгені үшін Приозерск қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі «Астана білім орталығы ЖШС-нің» дипломына ие

болды. № 1 мектеп республикалық «Үздік 100 мектеп» байқауының үздік мектептер тізімінде 12 орыннан көрінді. Аталған білім ошағы жақында жарыққа шығатын «Қазақстанның үздік 100 мектебі» жинағына енетін болады.



ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

2018 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні ұлттық мерекеге орай «Балақай» бөбекжайының ересектердің «Балауса» тобында «Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы» атты ертеңгілік ұйымдастырылып, өткізілді.

Ертеңгіліктің басты мақсаты бүлдіршіндерге тәуелсіздік туралы түсінік беру, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген басты жетістіктерімен таныстыру, елін, жерің, құрметтеуге тәрбиелеу және олардың патриоттық пен отаншылдық сезімдерін ояту.

Мерекеге сай безендірілген залға қонақ ретінде шақырылған «Балақай» бөбекжайының еңбек ұжымы жиналған болатын. Алдымен ортаға сәнді киінген топ тәрбиеленушілері шығып, ертеңгілікті еліміздің Әнұранын орындаудан бастады. Одан кейін

бүлдіршіндер өздерінің желтоқсан құрбандарына арнаған тақпақтарын өз нақы-



шында және мінерлеп оқып шықты. Одан кейінгі кезек өнге беріліп, тәрбиеленушілер «Туған елім» әнін шырқап, «Алға Қазақстан» әніне флешмоб бий биледі. Оның соңын ала бере бүлдіршіндер өзара ұлттық ойын ойнап, «Күш сынасу» ойыны ойнап, жиналғандардың көңілін бір көтеріп тастады. Ертеңгілік бүлдіршіндердің орындауында-

үлестері және жаңа қазақстандық қоғам құру ісі мен еңбек және шығармашылық табыстары үшін қалалық мәслихаттың Құрмет грамотасымен Приозерск қаласы поли-



ция бөлімі алдын алу тобының аға анықтаушысы Қуаныш Мансұрұлы Искаков, «Приозерск қалалық ауруханасы» МКК директоры Нұрлан Манапұлы Шагиrow, Халық банкі өңірлік № 98 99 06 бөлімінің бақылаушы-кассирі Алмаш Оразқызы Дюсембаевалар марапатталса, Алғыс хатқа «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі Дүрия Мырзабекқызы Хизирова, «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ бас есепшісі Аяулым Биғалиқызы Мұсаева, «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру» КМК № 2 су қоймасының оператор-жинаушысы Қызылбай Құтыбаев, № 1 мектептің техникалық қызметкері Тамара Қаланқызы Қарақұлова және № 2 мектептің күзетшісі Нұрмұрат Нұрлыбаевтар ие болды. Салтанатты жиын «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының тәрбиеленушілері және жеке орындауда Ардақ Ахатаева мен Амангелді Мұхамеджановтардың шырқаған әнімен аяқталып, соңы мерекелік концертке ұласты. Мұнда Г.Г.Галымова, Е.Сәменов, «ХАН» тобы, Е.Баймағанбетов, А.Арғынбай, М.Тазабеков, А.Игембеков, И.Балкеева, «Коллибри» вокалды аспаптар ансамблі жиын қатысушыларына әннен шашу шашып, сахна шымылдығын квартеттің орындауындағы «Елім менің» әнімен концертке қатысушылардың соңғы шумакта қосыла шырқауымен жапты.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ
Суретте: Салтанатты жиыннан көріністер.
Суреттерді түсірген: автор



ғы «Отаным» әнімен аяқталып, өз мәресіне жетті.

М.Ж. Пазылова, А.Е. Жубантаева,
«Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері



16 - желтоқсан – Тәуелсіздік күні

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҰРПАҚТАРЫ

«Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тізіп, Тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы бұйындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев («Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауынан)

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 3«ә» сыныбының оқушыларының қатысуымен 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында «Мәңгілік Ел – Қазақстан» тақырыбымен ашық тәрбие сағаты болып өтті. Бұл ашық тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға еліміздегі қолға алынған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру арқылы оларды отан сүйіштікке баулу және ел мен жерге деген құрмет көрсетуге тәрбиелеу болғандықтан, аталмыш іс-шараға қаламыздағы орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері шақырылған болатын. Бір қуаныштысы, ашық тәрбие сағатын қызықтауға осы сыныпта білім нәрімен сусындап жүрген үздік оқушы Дария Мырзабектің әжесі Нәзік апамыз да келіп жеткен еді.

Ашық тәрбие сағаты әдеттегідей оқушылардың орындарынан тұрып, музыка әуенінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Әнұранын орындауларымен басталды. Ашық тәрбие сағаты басталысымен сыныптың нақ төрінен орын алған Нәзік апамызға сөз берілді. Көпті көрген ақжаулықты ана өзінің



немерелерінің осы білім ошағында білім алып жүргендерін тілге тиек етіп, оқушыларды келіп жеткен 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Барша жиналғандарға ақ батасын жаудырған Нәзік апа, қазақ халқының дәстүрімен шашу шашып, ашық тәрбие сағатының көркін қыздыра түсті.

Алдымен, сынып оқушыларына Қазақстанның ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін мән-жайы түсіндіріліп жеткізілді. Тақта алдында шеңбер құрған оқушылар «Жылдық шеңберін» ұйымдастыру арқылы Қазақстанның Тәуелсіздікке қол жеткізген сәтін сомдап көрсетті.

«Отан», «Қазақстан», «Атамекен» және

«Туған жер» атауларымен төрт топқа бөлінген сынып оқушылары берілген тапсырманы орындау барысында, өздерінің білім алудағы қабілеттерінің жоғары екендіктерін байқатты. Осы сұрақ-жауап тапсырмасында М.Айдархан, Д.Мырзабек, Д.Әлімхан, А.Кәрібек, С.Еңлік, А.Аман, Ш.Сулейменов және Д.Нәсіпбек ерекше көзге түсті.

Ашық тәрбие сағатына «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Әбішева және «Жас зеңбірекші әскери-патриоттық клубының жетекшісі Т.Кенжебеков қатысты. Ашық тәрбие сағаты сынып оқушыларының «Қазақстан бақыты» әнін орындаумен аяқталды.



Сынып оқушыларына заманауи интерактивтік тақта арқылы Елордамыз Астана қаласындағы орналасқан «Мәңгілік Ел» қақпасы көрсетіліп, экраннан барлығы бірге отырып «Мәңгілік Ел» атты бейнебаянды тамашалады.

Эльмира Наркулова, «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 3 «ә» сыныбының жетекшісі



«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРҒА ТАҒЫМ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Өткенге зер салмай, болашаққа қадам басу жоқ. Бізді бүгінгі бақытты заманға жеткізген, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғаларды ұлықтау – ұрпақ парызы. Сондықтан да, тарихи тұлғаларға тағзым етіп, олардың есімін қайта тірілту, рухани тұрғыда жаңғырудың көрінісі бол есептеледі.

Математиканы оқыту әдістемесі және элементарлық математика кафедрасы 1952 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогика университетінде п.ғ.к., доцент С.Б.Баймурзин ректор болған кезден бастап құрылды. Осындай атаумен және оқытушылар ұжымымен кафедра академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті құрылымына еніп, қазіргі уақытқа дейін өзінің функционалдық қызметін атқаруда. 1994 жылдан бастап кафедра университеттің барлық факультеттерінде сабақтар жүргізуде. (Математика және ақпараттық коммуникациялық технологиялар)

Кафедраның бастауында: Мирау Борис Эдуардович (ҚарПИ-да 1952–1972 жж. кафедраны меңгерді), п.ғ.к. Баймурзин Сейткали Баймуралиевич (1972–1976 жж. - кафедра меңгерушісі), п.ғ.к. Кострыкина Нина Петровна (1976–1992 жж. – кафедра меңгерушісі), п.ғ.к., доцент Бертиканова Камшат Турсуновна (1992–2013ж.ж. - кафедра меңгерушісі), 2013 жылдан және қазіргі уақытқа дейін ф.-м.ғ.к. Назым Қосарбековна Сыздықова кафедраны меңгеруде. Кафедраның қазіргі атауы математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі.

1972 жылы педагогика институтының бұрынғы ректоры С.Б.Баймурзин кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. П.ғ.к., доцент С.Б.Баймурзиннің жетекшілігімен кафедрада аға оқытушы, Ұлы Отан соғысына қатысқан К.М.Махметов, пединституттың бұрынғы кафедра меңгерушісі Б.Э.Мирау, п.ғ.к., доцент С.Б.Букубаева, п.ғ.к., доцент Н.П.Кострыкина, аға оқытушы Э.Я.Пыркова, оқытушы Ж.А.Муксынова, аға оқытушы А.А.Бердалиева (Мәскеу, АПН СССР кезінде НИИ

СиМО-ның күндізгі аспирантурасын бітірген), бес жыл мектепте жұмыс істеп, содан соң кафедраға жұмысқа шақырылған (алғашқы кезде мұғалімдік, содан кейін оқу ісі бойынша директордың орынбасары қызметін атқарған) п.ғ.к., доцент К.Т.Бертиканова жұмыс істеген. Доцент К.Т.Бертиканова осы күнге дейін кафедрада жұмыс атқарады.

С.Б.Баймурзин болашақ ректор ретінде көптеген жас оқытушыларды олардың ғылыми бағыттағы жұмыстарын анықтауда ғана емес, сонымен қатар оларды аспирантурада, творчестволық демалыстарды ұсынуда, барлық жағдайда қолдады. Ол барлық оқытушылардың оқыту қызметімен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуын белсенді қолдады. Кафедрада оның қолдауымен доцент Н.П. Кострыкина кандидаттық диссертациясын жалғастырды және аяқтады. Өзінің меңгерушісінің, үлкен досының ақылымен К.Т. Бертиканова кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

2007–2008 оқу жылының басында ректордың бұйрығымен Математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасына Математика және модельдеу әдістері кафедрасы біріктірілді.

Математика және модельдеу әдістері кафедрасы 1991 жылдың ақпан айынан бастап Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ-дың жалпы университеттік бағыттағы жоғары математика кафедрасы ретінде жұмыс істеді. 1994 жылы кафедраның атын «Математика және модельдеу әдістері» атауына өзгертті.

1991 - 1992 ж.ж. - кафедра меңгерушісі болған ф.-м.ғ.к. доцент М.М.Мухтаров, қазір С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жұмыс атқарады.

1996 - 1999 ж.ж. - кафедра меңгерушісі болған ф.-м.ғ.д. профессор Н.А.Бокаев, қазіргі уақытта Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, «ЖОО Үздік оқытушысы» Республикалық грант иегері, жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі.

1999 - 2001 ж.ж. - кафедра меңгерушісі болған ф.-м.ғ.д. профессор Е.Д.Нурсултанов, қазіргі уақытта М.В.Ломоносов атындағы ММУ филиалының профессоры, КНАСОН эксперт кеңесінің төрағасы, К.Сапаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «ЖОО Үздік оқытушысы» Республикалық грант иегері.

2001-2002 ж.ж. - ф.-м.ғ.к., доцент Т.У.Аубакиров, 2002 – 2006 ж.ж. - ф.-м.ғ.д. профессор К.А.Бекмаганбетов, қазіргі уақытта М.В.Ломоносов атындағы ММУ филиалының профессоры. 2006 – 2007 ж.ж. докторантурадан кейін кафедра меңгерушісі

болған ф.-м.ғ.к., доцент Т.У.Аубакиров, қазіргі уақытта Астанадағы оқулық орталығының бас маманы.

Тағзым етерлік ерекше тұлға ретінде кафедралық негізін салушы Баймурзин Сейткали Баймурзаұлының өмірбаянына тоқталуды жөн көрдік. Сейткали Баймурзин 20 желтоқсан 1908 жылы Қазақ ССР Қостанай облысының Жетіқара ауданының №3 ауылында дүниеге келді. Ата-анасы жер итеру шаруашылығымен айналысқан.

С.Баймурзин өзінің еңбек жолын 1920-1923 жж. қулақтарда бақташы болудан бастады. 1923 - 1925 жылдары – Орынбор қаласындағы Қырғыз Өлкетану мектебінің (коммунасының) тәлімгері. 1925-1928 жылдар аралығында – Қазақ ветеринар-зоотехникалық техникумының студенті. 1928 - 1931 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында оқып, оны 1931 жылы аяқтаған.

Қай жерде оқып, жұмыс істесе де С.Баймурзин барлық қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарды. Техникум, сондай-ақ институт студенті бола тұра комсомол комитетінің хатшысы, кәсіподақ төрағасы, пролетарь студенттердің облыстық бюросының төрағасы болып қызмет атқарып, қалалық комсомол ұйымының тапсырмаларын орындады.

Институтты бітірген соң 1931 жылы Алматы қаласының Коммунистік Университетіне ЖКП Қазрайком бағыттауымен жұмысқа жіберіліп, онда 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін физика және математика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Коммунистік Университетте, Жоғары коммунистік ауылшаруашылық мектебінде, Республикалық колхоздық ауылшаруашылық техникумында – 1939-1940 жж. «Сталинец» көптіражды-газетінің редакторы болды. 1941 жылы - партбюро Хатшысы. 1930–1940 жылдары математика оқулықтарын жасап, өңдеп аударуға, ғылыми терминдерді қарастыруға қатысты. Қазақстан мемлекеттік терминологиялық комиссиясының мүшесі болды. 1943 жылы ЖКП Қазрайком жолдауымен Ақтоғай ауданына төрт ай аралығында ауданның экономикасын нығайту және егін егу компаниясында жұмыс атқарды.

1942 жылы (үш ай) Қазақстан Компартиясы ОК армия жауынгерлері арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

1942 жылдың қаңтарынан 1943 жылдың маусымына дейін СССР Наркомзем есептеу курсының Қазақ филиалында директорлық қызмет атқарды.

1943 жылдың шілде айынан 1945 жылдың сәуір айы аралығында Қазақстан КП ОК

дәріскері болды.

1944 жылдың қыркүйек айынан 1945 жылдың сәуірі – Мәскеудегі ЖКП ОК тыңдаушылар курсына қатысты.

1945 жылдың қыркүйегінен 1949 жылдың ақпан айы аралығында - Қазақстан Коммунистік партиясы Қарағанды обкомы үгіт насихат жұмысының хатшысы болып қызмет атқарды.

1949 жылдың ақпанынан 1949 жылдың наурыз айы аралығында – Қарағанды мұғалімдер институтының физика және математика кафедрасының аға оқытушысы. 1949 жылдың наурызынан 1950 жылдың қаңтары аралығында – осы институттың физика және математика кафедра меңгерушісі. 1950 жылдың қаңтарынан 1952 жылдың ақпаны аралығында – Қарағанды мұғалімдер институтының директоры әрі физика және математика кафедрасының меңгерушісі.

1952 - 1953 жж. – Қарағанды педагогика институтының директоры және кафедра меңгерушісі.

1953 жылдың маусым айынан бастап педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Б.Баймурзин Қарағанды педагогика институтының ректоры болып тағайындалды.

Педагогика институтының барлық жетістіктері оның бірінші жетекшісі С.Баймурзинге тиесілі. Институттың материалдық базасын орнықтыру мен ғылыми кадрларды дайындауда үлесі орасан зор.

Қарағанды мемлекеттік университетінде 1972 - 1976 жж. С.Б.Баймурзин математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі болды және 1976 - 1980 жж. – осы кафедраның доценті қызметтік жұмысын атқарды.

Бүгінгі күні өзіндік өмір өлшемі мен тыныс-тіршілігі бар, бағыт-бағдары айқын Қазақстан халқы болашақты баянды етуге бағытталған көптеген жасампаз шаралар атқарылууда.

Осындай шаралар атқару аясында біздің математика және ақпараттық технологиялар факультетінде арнайы дәрісханалар ашылды. Атап айтсақ, 510-шы дәрісхана ф.-м.ғ.к., ҚарМУ профессоры Н.А.Альмуханбеттің, 513 – ші дәрісхана ф.-м.ғ.к., ҚарМУ профессоры Т.С.Смаатовтың атымен аталды.

Ендігі кезекте біздің математиканы және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасына қосқан сүбелі еңбегерін ескере отырып, кафедраны педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Б.Баймурзиннің атымен атауға ат салысуды жөн санаймыз.

п.ғ.к., доцент **Ә.С.Кенеш ж.ғ.м. ҚарМУ доценті Қ.Е.Кервенов, Математика және ақпараттық технологиялар факультеті Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті**



Ғасыр дертімен күрес

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРУ БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі дамыған елдерге де, өтпелі экономикалы мемлекеттерге де, соның ішінде Қазақстан Республикасы үшін де өзекті. Жемқорлық мәселесі еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуын, нарықтық экономиканың толыққанды қалыптасуын, инвестициялар тартуды тежеп, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер етіп, мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіреді, елдің болашағына айтарлықтай қауіп төндіреді. Мемлекеттік қызмет жүйесінде жемқорлықтың туындауы құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру-бақылау, психологиялық, мәдени-әлеуметтік себептермен байланыстырылады.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп – қатерлерінің бірі болып табылады. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Сыбайлас жемқорлық Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қатер төндіреді, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының жағымсыз имиджін жасай отырып, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі жасайтыны сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық сыбайлас жемқор және адал (жергілікті немесе шетелдік) кәсіпкерлерді алдын ала теңсіздік жағдайына қоя отырып, сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекелестікке нұқсан келтіріп, ұлттық экономикаға жағымсыз әсер етеді. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыру-



ды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресте әлемдік елдердің нәтижелі тәжірибесін талдап анықтау біз үшін маңызды.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар жүйесін қалыптастыру барысында алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибе зерттеліп, дамыған елдердің озық тәжірибесінің элементтері қазақстандық заңнамада және мемлекеттік қызметті ұйымдастыруда көрініс тапты. «Қазақстан-2050» Стратегиясында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ел Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» бекітілген болатын. Стратегияның мақсаты-мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, жемқорлыққа қарсы күреске барлық қоғам өкілдерін тартып, жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік төзімділік» ахуалын қалыптастыру арқылы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту. Сондықтан да, қандай да болмасын мемлекеттегі жемқорлыққа қатысты саясатты онтайлы жүзеге асырудың алғышарттары, біріншіден, мемлекеттік органдардың өзара реттелген жұмысы және, екіншіден, бұл органдардың азаматтық қоғам тұрақты ықпалдастығы болып табылады.

Приозерск қаласы Әділет басқармасы

Законодательство

ЕДИНЬЙ СОВОКУПНЫЙ ПЛАТЕЖ ВВЕДУТ С 2019 ГОДА - ПАРЛАМЕНТ ПРИНЯЛ ЗАКОН

Сенат Парламента принял 20 декабря проект закона "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам занятости населения", передает корреспондент Tengrinews.kz.

Единый совокупный платеж предназначен для самозанятых, чей доход ниже, чем у индивидуальных предпринимателей. Проект закона четко ограничивает категорию плательщиков. Единый платеж смогут платить только физические лица, которые оказывают услуги другим физлицам. Если человек оказывает услуги и юридическим лицам, то придется уплачивать налоги в полном объеме.

Эксперт ИМЭП при Фонде Первого Президента Сергей Домнин объяснил, для чего нужен единый совокупный платеж.

"Единый социальный платеж - одно из решений большой задачи: сокращение теневого сектора экономики. "Это платеж, объединивший индивидуальный подоходный налог (ИПН), взнос в пенсионный фонд и взнос в фонд соцмедстрахования. Части неформально занятых предлагается формализовать свою деятельность, заплатив вместо трех платежей один - 1 МРП в месяц (для сельской местности ставки ниже - 0,5 МРП). При этом неформально занятые становятся полноправными участниками пенсионной системы и системы социального медицинского страхования, но на льготных основаниях", - отметил Домнин.

"Понятно, что вклад участников этого специального налогового режима в местные бюджеты (именно туда идет ИПН), ЕНПФ и ФСМС будет мизерным и в лучшем случае оправдает издержки на обслуживание счета. Но правительству важнее, чтобы эти люди формализовались и привыкли платить налоги. В экспертной среде ключевой отзыв следующий: ЕСП - это такой вид борьбы с безбилетниками путем снижения стоимости билетов", - добавил эксперт.

При этом Сергей Домнин назвал вероят-

ные проблемы, с которыми придется столкнуться. "Проблемы введения ЕСП, на мой взгляд, связаны в первую очередь с механизмами уплаты налога. Значительная часть неформально занятых проживает в сельской местности, там нет доступа к электронным госуслугам, облегчающим взаимоотношения граждан с госорганами. Многие неформально



занятые не испытывают доверия к налоговым органам, поэтому потребуются время, чтобы убедить их начать платить ЕСП", - сказал Домнин. Эксперт подчеркнул, что проект обсуждался несколько месяцев, в том числе с привлечением экспертной среды, и не встретил серьезных возражений, поэтому президент поручил принять норму о платеже до конца года. "Сам по себе механизм "одного налога" (monotax) для неформально занятых - достаточно известный и опробованный в некоторых странах Латинской Америки. Это очень важный шаг не только в связи с внедрением соцмедстрахования, о котором говорил президент, но на пути к всеобщему декларированию доходов, которое собираются внедрить с 2020 года", - заключил Домнин.

Напомним, ранее Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев поручил ввести единый совокупный платеж. Министр труда и социальной защиты населения Мадина Абылкасымова рассказала, кто и сколько должен будет платить после принятия соответствующего закона.

Источник: <https://tengrinews.kz>

Коррупции – нет!

КОРРУПЦИЯ - ГЛОБАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА ОБЩЕСТВА

Все государства мира сталкиваются с таким злом, как «Коррупция». Более того, в современных условиях коррупция постепенно превращается из внутрисоциальной проблемы в глобальную проблему. Сейчас все страны, включая самые передовые, пересматривают свои модели борьбы с коррупцией с учетом новых вызовов, принимают новые законы и нормы об ужесточении ответственности за коррупцию. По уровню антикоррупционной деятельности Казахстан занимает одну из лидирующих позиций среди стран СНГ.

законодательства, регулирующего различные сферы экономики, государственного управления, в том числе и правоохранительную деятельность». Совершенствование антикоррупционного законодательства закреплено в Плате нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ. Сегодня действует абсолютно новый закон, который называется Закон РК «О противодействии коррупции», внесено множество поправок в процессуальное законодательство, ужесточена ответственность за коррупционные правонарушения (конфиска-

<p>ПАРА А.Т.У – БҮЛ ҚЫЛМЫС</p> <p>4538 теңгеге дейін</p> <p>АЙЫППАҚАЛ (1 361 400 теңге көлемінде)</p> <p>АЙЫППАҚАЛ (парапай 30 еселенген сомасы молшерінде) немесе</p> <p>БАС БОСАҒАНДЫҒЫНАН АЛЫРУ (мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейінгі мерзімге)</p>	<p>ПОЛУЧЕНИЕ ВЗЯТКИ – ЭТО ПРЕСТУПЛЕНИЕ</p> <p>до 4538 теңге</p> <p>ШТРАФ (в размере 1 361 400 теңге)</p> <p>штраф (в размере 30 кратной суммы взятки) либо</p> <p>ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ (сроком до 15 лет с конфискацией имущества)</p>
<p>1424 call centre</p> <p>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТТЕР ТҮРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ 65 070 теңгеден 236 900 теңгеге дейін. СОМАНЫ ҚУРАЙДЫ</p>	<p>1424 call centre</p> <p>ПОШЕРЕНЕ ЗА СООБЩЕНИЕ О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СОСТАВЛЯЕТ от 65 070 теңге до 236 900 теңге</p>

Одним из важных инструментов реализации антикоррупционной стратегии является, действующая при Президенте, Комиссия по вопросам борьбы с коррупцией. Высокие макроэкономические показатели Казахстана не согласуются с темпами распространения коррупции.

Однако, говорить о том, что антикоррупционная система работает полноценно и максимально эффективно, пока не приходится. Статистика коррупционных правонарушений остается негативной.

Ввиду этого, одной из важных задач, поставленных Президентом Республики Казахстан, является совершенствование антикоррупционного законодательства: «Необходима глубокая «инвентаризация»

ция имущества, пожизненное лишения права занимать должности на государственной службе и т.д.). Для реализации указанных новшеств законодательства, создан новый государственный орган, работа которого направлена на искоренение коррупции – Национальное бюро по противодействию коррупции.

В сознании граждан нужно культивировать абсолютную нетерпимость к любого рода коррупционным проявлениям. Для этого нужно постоянно вести масштабную антикоррупционную пропаганду в средствах массовой информации, с публикацией наглядных жизненных примеров.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

Audit

АУДИТ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ В УЧРЕЖДЕНИЯХ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Цель аудита **финансовой отчетности** состоит в выражении мнения о достоверности финансовой (бухгалтерской) отчетности проверяемых учреждений и организаций, повысить степень уверенности соответствия порядка ведения бухгалтерского учета законодательству Республики Казахстан.

Именно аудит достоверности финансовой отчетности на сегодняшний день должен осуществляться в обязательном порядке организациями, которые соответствуют критериям Закона Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности».

Департаментом внутреннего государственного аудита по Карагандинской области в соответствии с Перечнем государственного аудита на 2018 год и поручением Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан осуществлен аудит финансовой отчетности за 2016-2017 г.г. в 2-х подведомственных учреждениях Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагандинской области.

Проведенным аудитом выражено мнение, что аудиторский отчет по финансовой отчетности принят с оговорками, так как допущены нарушения, влияющие на искажение финансовой отчетности.

В соответствии с порядком ведения бухгалтерского учета в государственных учреждениях, содержащихся за счет республиканского и местных бюджетов, финансовая отчетность Департаментов достоверно представило финансовое положение на конец отчетного периода по всем существенным аспектам.

В РГУ «Департамент Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагандинской области» установлены нарушения на общую сумму 17118,8 тыс.тенге в том числе финансовые нарушения на сумму 2322,7 тыс.тенге и процедурные нарушения - 14796,1

тыс.тенге. Подлежит возмещению в доход бюджета -96,1 тыс.тенге, которые в ходе аудита возмещены в полном объеме. Восстановлению по бухгалтерскому учету - 2231,1 тыс.тенге.

За 2017 год по 17-ти серверам, которые не были установлены и не использованы по прямому назначению по бухгалтерскому учету начислено амортизация на сумму 2 231,1 тыс.тенге.

Допущено совершение гражданско-правовых сделок до вступления договоров в законную силу на общую сумму 13081,8 тыс.тенге, произведено излишнее списание горюче-смазочных материалов на 61,6 тыс.тенге.

В РГУ «Департамент Комитета фармации Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагандинской области» установлены нарушения на общую сумму 1326,2 тыс.тенге, в том числе финансовые нарушения-1286,2 тыс.тенге, процедурные нарушения-40,0 тыс.тенге.

Подлежит возмещению в доход бюджета-636,1 тыс.тенге, восстановлению- 650,1тыс.тенге, которые в ходе аудита возмещены в полном объеме и восстановлены по бухгалтерскому учету.

По бухгалтерскому учету допущены неверные бухгалтерские проводки в сумме 686,5 тыс.тенге, за 2016-2017 г.г. допущена необоснованная выплата премии на сумму 622,5 тыс.тенге.

На основании вышеуказанного следует отметить, что прозрачность и достоверность финансовой отчетности организаций определяет долгосрочные перспективы финансового развития и лежит в основе его инвестиционной привлекательности.

Отдел аудита соответствия №2 Департамента внутреннего государственного аудита по Карагандинской области



ПРИМЕНЕНИЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ИНФОРМАЦИОННЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Курс в будущее

В настоящее время в Казахстане бурно обсуждается вопрос перехода к использованию для записи казахского языка латиницы вместо кириллицы. Вопрос перехода на латиницу поднимался и в Стратегии «Казахстан - 2050», опубликованной в 2012 году. В ней Президент указал четкие задачи перехода на латиницу до 2025 года. В новой работе «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Курс в будущее: духовное обновление») Н.А. Назарбаев говорит: «...надо отметить, что мы к этому шли с тех пор, как приобрели независимость, и мы готовы к этому». В статье Президент, в частности, сообщил о том, что правительству необходимо подготовить график перехода на латинский алфавит.

По словам Н.А. Назарбаева, это решение связано с объективными причинами: казахский алфавит имеет тюркские корни, а турецкий стал языком межнационального общения уже на большей части материка.

Глава Казахстана вспомнил, что с X по XX век, со времени принятия ислама, использовался арабский алфавит, а в 1929 году ЦИК Казахской ССР принял постановление «О введении единого тюркского алфавита» на основе латиницы. И только в 1940 году произошел переход к алфавиту на основе кириллицы, подчеркнул Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» заявил о том, что до конца этого года необходимо принять единый стандарт латинской графики казахского языка. Начиная с 2018 года, нужно приступить к подготовке специалистов по новому алфавиту и учебников для средних школ.

"Переход на латиницу это не прихоть, это веление времени. Когда я говорю о трудоспособном государстве, я говорю о трудоспособных гражданах. Нужно знать международный

язык английский, потому что на нем все передовое держится. Я слышу разные опасения. Но мы не отойдем от кириллицы. Мы не забудем русскую культуру и русский язык. Через русский язык мы изучали мировую культуру и, он всегда с нами останется. Наш сосед всегда рядом, и мы всегда будем сотрудничать", - сказал Нурсултан Назарбаев. Президент отметил, что для укрепления трехязычия в стране планируется переводить университеты на обучение на английском языке. Переход на латиницу связан с технологическими открытиями и особенностями преподавания 21 века.

Студенты информационных специальностей, в силу специфики подготовки, на протяжении всего обучения сталкиваются с информацией на английском языке, потому что базовые руководства пользователя по использованию программных продуктов, информационных систем и ресурсов в большей степени представлены на английском языке. Это обеспечивает подготовленность, в некоторой степени, студентов к восприятию и дальнейшему использованию латинской графики.

Кроме того современные студенты обучаются в условиях внедрения полиязычного образования в Республике Казахстан.

Целенаправленное, системное осмысленное феномена многоязычного образования началось относительно недавно, если не считать поиски эффективных методов преподавания иностранных языков. Действительно, усилия исследователей до сих пор были сосредоточены в основном на проблемах двуязычного образования (изучение родного языка и иностранного) как наиболее часто встречающейся форме многоязычного обучения. Процессы, связанные с освоением третьего языка и, тем более, ещё большего количества языков, наименее изучены и стали

объектом исследования лишь только в последнее время — в связи с планами Европейской комиссии узаконить трехязычное образование.

Согласно концепции ЮНЕСКО, понятие «многоязычное образование» предполагает использование в образовании, по меньшей мере, трех языков: родного, регионального или национального и международного языка. Применение этих языков является «важным фактором инклюзивности и качества образования».



Языковая политика и принцип многоязычия стали приоритетными вопросами при создании Европейского союза. В 1995 г. Европейская комиссия опубликовала официальный доклад о вопросах образования, в котором была поставлена цель трёхязычия всех европейских граждан. Комиссия подчеркнула важность многоязычных навыков общения в условиях единого рынка в информационном веке. Проблемы полиязычия, образования и культуры ежегодно рассматриваются на заседаниях Комиссии Европейского Сообщества с 2007 г. Более того, Еврокомиссия выделяет гранты для проведения исследований по полиязычию с применением средств электронного обучения (например, проект Babylon & Ontology: «Multilingual and cognitive e-Learning Managenet system via PDA phone»).

В Казахстане идея триединства языков

впервые озвучена Н. Назарбаевым ещё в 2004 г. В октябре 2006 г. на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана Президент вновь отметил, что знание, как минимум, трех языков важно для будущего наших детей. А уже в 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Н. Назарбаев предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками».

Именно с этого момента и начинается отсчет новой языковой политики Казахстана. Полиязычное образование было закреплено следующими законодательными актами: Конституция Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О языках», Закон «Об образовании», Государственная программа функционирования языков в Республике Казахстан и другими, которые и составили его правовую основу. Перечисленными выше документами определены роль и место полиязычного обучения, принципы создания современной эффективной системы управления полиязычным образованием.

Развитие полиязычного образования, усиленное изучение английского языка студентами информационных специальностей, позволит студентам более эффективно использовать мировые информационные ресурсы для повышения своей конкурентоспособности.

Елена Спирина, Динара Казимова,
Ирина Самойлова,
Казахдинский государственный
университет имени академика Е.А.
Букедова

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ МЕН МҮЛКІ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМДАМАСЫНА СӘЙКЕС АҚПАРАТТЫ

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шәрбекова: 2017 жылға жылдық табысы – 2 864 627 теңге. Жеке меншік құқығында Қарағанды қаласында 2 бөлмелі пәтер.

ИНФОРМАЦИЯ О ДОХОДАХ, ДВИЖИМОМ И НЕДВИЖИМОМ ИМУЩЕСТВЕ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

Руководитель ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков» Шарбекова Гульжахан Кайроллиновна: Годовой доход за 2017 год - 2 864 627 тенге. Имущество, находящееся на праве собственности: 2 – комнатная квартира в городе Караганда.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VI шақырылымының кезекті XXVI сессиясы 2018 жылдың 27 желтоқсанында сағат 10.00-де өтеді

Сессия күн тәртібінде:

- 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджетті бекіту туралы.
- Приозерск қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму Бағдарламасына өзгерістер енгізу туралы.
- Қаладағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмыстарды ашу барысында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
- «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының Приозерск қаласында іске асырылуы туралы есебі.
- «Приозерск қаласының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы» есебі
- Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі.
- Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі.
- Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі.
- Қалалық мәслихат хатшысының атқарылған жұмыстары туралы есебі.
- Приозерск қалалық мәслихатының 2019 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
- «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылға арналған қаржыландырудың жоспарын бекіту туралы.
- Әртүрлі мәселелер

Сессия төрағасы

Ұ.Алмас

Очередная XXVI сессия городского маслихата VI созыва состоится 27 декабря 2018 года в 10.00 часов.

На повестке дня сессии:

- О городском бюджете на 2019-2021 годы.
- О внесении изменения программы развития города Приозерск на 2016-2020 годы.
- Отчет о проделанной работе по предотвращению и раскрываемости преступности и правонарушения в городе.
- Отчет о реализации Концепции государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» в городе Приозерск.
- Отчет об исполнении плана мероприятий на 2017-2019 годы по реализации Государственной программы функционирования и развития языков Приозерска на 2011-2020 годы.
- Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса.
- Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам.
- Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по социально-культурному развитию и социальной защите населения.
- Отчет о проделанной работе секретаря городского маслихата.
- Об утверждении плана работы Приозерского городского маслихата на 2019 год.
- Об утверждении плана финансирования ГУ «Аппарата Приозерского городского маслихата» на 2019 год.
- Разные вопросы.

Председатель сессии

У.Алмас

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 51/591. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.